ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 29 сәуір №5165-24-00-2/863 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.С.Чингиспаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Шардара ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «ASYL MURA» Сымбат Муратовна Ахмолдина

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Шардара ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «ASYL MURA» Сымбат Муратовна Ахмолдина мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «ASYL MURA» Сымбат Муратовна Ахмолдинадан мемлекет пайдасына 2 250 (екі мың екі жүз елу) теңге тұрақсыздық айыбы, 1 914 (бір мың тоғыз жүз он төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Scanned with CamScanner

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **К.С.Чингиспаева**

құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 29.04.2024

165-24-3-1/819

Scanned with CamScanner